


АҚҚУ, ШОРТАН ҺӘМ ШАЯН



«Аққу, шортан һәм шаян» мысалының:

✦ Тақырыбы:

Адамдар арасындағы ынтымақтың, бірлік пен келісімнің маңыздылығы.

💡 Идеясы:

Егер әркім өз бетінше әрекет етіп, ортақ мақсатқа бірлесіп жұмыс істемесе, істің нәтижесі болмайды. Бұл мысал ұйымшылдық пен келісімге үндейді, әр адамның орны мен бағыты ортақ болуы керек дегенді меңзейді.



Жүк алды Шаян, Шортан, Аққу бір күн,
Жегіліп, тартты үшеуі дүркін-түркін.


Жоқ, артқа
тартқан
дұрыс!

Мен көкке
көтеріп
апарайын!

Суға
түсірсек
қана жүреді!

Тартады Аққу көкке, Шаян кейін,
Жұлқиды суға қарай Шортан шіркін.

Бұлардың машақаты аз болмады,
Жұмысы орнына кеп маз болмады.




Тартса да бар күштерін аямай-ақ,
Алған жүк бір орнынан қозғалмады.



Неге
қозғалмайды?




Оншама ол жүк артық ауыр емес,
Құр сырттан «пәлен» деу де тәуір емес.




Жүк бірақ әлі күнге орнында тұр,
Бірыңғай тартпаған соң бәрі тегіс.





Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек, болсаң жолдас.
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас.



Ұйымшылдық пен келісім
болмаса, ешқандай іс
алға баспайды. Бірлік
бар жерде – тірлік бар.